

Апелляциялық комиссияға қойылатын талаптар

Темірбек Жүргенов атындағы ҚазҰӨА апелляциялық комиссиясы түсу емтихандары сұрақтарының мазмұны бойынша оқуға түсушілерден апелляцияға өтініштер қабылдап қарайды.

Оқуға түсуші мазмұны бойынша түсу емтихандарының нәтижелерімен келіспеген жағдайда, 1-қосымшада көрсетілген формаға сәйкес апелляциялық комиссия төрағасының атына өтініш береді. Апелляциялық комиссия әрбір оқуға түсушінің өтінішімен жеке жұмыс істейді.

Апелляция емтихан сұрақтарының мазмұны бойынша билет дұрыс құрастырылмаған жағдайда қаралады.

Апелляцияға өтініштер түсу емтихандарының нәтижелері жарияланғаннан кейін келесі күні сағат 13.00-ге дейін қабылданады және апелляциялық комиссия бір күн ішінде қарайды.

Апелляция бойынша барлық өтініштер апелляцияға өтініштерді тіркеу журналында тіркеледі.

Апелляцияға берілген өтініште баяндалған нақты фактілер қарауға жатады. Апелляциялық комиссияның отырысы кезінде өтініште көрсетілген таңдалған сұрақты өзгертуге жол берілмейді.

Әрбір тапсырма бойынша дәлелді негіздемені (толық түсіндірме, міндеттердің қадамдық шешімі) көрсетпей, билеттің барлық мәселелерін қайта қарау бойынша апелляцияға берілетін өтініштер қарауға жатпайды.

Өтініштер бойынша шешім апелляциялық комиссия мүшелерінің жалпы санының көпшілік даусымен қабылданады. Дауыстар тең болған жағдайда комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

Апелляциялық комиссияның жұмысы төрағаның және комиссияның барлық мүшелерінің қолы қойылған апелляциялық комиссия отырысының хаттамасымен ресімделеді.

Апелляциялық комиссия оқуға түсушінің өтініші бойынша оң шешім қабылдаған жағдайда, оқуға түсушіге балл қосылады.

Темірбек Жүргенов атындағы
ҚазҰӨА Апелляциялық комиссия
төрағасы _____

_____ білім беру
бағдарламасы бойынша оқуға
тапсырушы

Өтініш

Магистратураға түсу емтиханының келесі мәселелерін мазмұны бойынша
қарауға қабылдауыңызды сұраймын

Сұрақ	Себебі (дұрыс емес сұрақ)	Апелляциялық комиссия шешімі

* "Апелляциялық комиссия шешімі" қатарында келесі шешімдер жазылады:
"Қанағаттандырылды" немесе "Қанағаттандырылмады"

Мерзімі _____ Тапсырушының қолы _____

Апелляциялық комиссия төрағасының _____
(Аты-жөні және қолы)

Апелляциялық комиссия мүшелері _____
(Аты-жөні және қолы)

(Аты-жөні және қолы)